

Алматы қаласы әкімдігінің "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 3/496 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 3/523 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 қазанда № 1791-02 болып тіркелді

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы" 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 3/496 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1738 болып тіркелген) келесі толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған арнайы тұрақты үй-жайларды орналастыруда:

келесідей мазмұндағы реттік нөмірлері 30 және 31 жолдарымен толықтырылсын:

"

30.	"Lugat" жеке кәсіпкері	Алматы қаласы, Алатау ауданы, Самғау шағын ауданы, Ырысты көшесі, 46/2а мекенжайында орналасқан "Строй Сити Бақорда" сауда орталығының №26 бутигі
31.	"Иманбетов" жеке кәсіпкері	Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 7 мекенжайында орналасқан "Байсат" сауда орталығының 14 қатары, №10 бутигі

".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев